



## "Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 686 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

"Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімге қол қою туралы"  
" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан  
Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайилов

## Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімге қол қою туралы

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан  
Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы  
келісімнің жобасы мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайилов  
Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімге Қазақстан  
Республикасының атынан қол қойсын, оған қагидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен  
толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ. Тоқаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2022 жылғы  
№ Жарлығымен  
МАҚҰЛДАНҒАН  
Жоба

## Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Армения Республикасы, Беларусь Республикасы,  
Қазақстан Республикасы, Қыргыз Республикасы, Ресей Федерациясы

Тараптардың экономикалық өсуіне жәрдемдесу мен өзара және сыртқы  
сауда-экономикалық байланыстарын кеңейту мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар арасындағы өзара сауда, инвестициялар көлемін ұлғайтуға, экономикалық интеграцияны дамытуға жәрдемдесуге, экспорттық кредиттерді ( экспортты қолдаудың барлық қаржы құралдарын қоса алғанда) қайта сақтандыру, экспорттық бағдарланған қаржыландыру мен Тараптардағы және үшінші елдердегі кәсіпкерлік және (немесе) саяси тәуекелдерден инвестициялар саласындағы қызметті жүзеге асыру жолымен Тараптардың үшінші елдермен инвестиациялық тартымдылығын арттыруға және сауда-экономикалық байланыстарын кеңейтуге арналған Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясы (ЕҚСК) (бұдан әрі – Компания) құрылсын.

Компания халықаралық қаржы-экономикалық ынтымақтастықты, оның ішінде Тараптардың экспорттық кредиттік агенттіктерін, халықаралық қаржы және банк ұйымдары мен одақтарын нығайтуға жәрдемдеседі.

2. Компания өз қызметінде осы Келісімді, осы Келісімге қосыншаға сәйкес оның ажырамас бөлігі болып табылатын Компанияның Жарғысын, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа алады.

## 2-бап

1. Компания халықаралық қаржы ұйымы – халықаралық құқықтың субъектісі болып табылады, халықаралық құқық қабілеттілігіне ие және өз құзыretі шегінде халықаралық шарттар жасауға құқылы.

2. Компания Жарғысында айқындалған тәртіппен мемлекеттер мен халықаралық қаржы ұйымдары Компанияның қатысушылары бола алады.

3. Компанияның жарғылық капиталы оның қатысушылары үлестерінің номиналды құнынан тұрады. Компанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне ақы төлеу Компанияның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Тараптар заңнамасының ұйымдардың қызметін құру, лицензиялау, реттеу және қадағалау, сондай-ақ қызметін тоқтату тәртібін белгілейтін ережелері Компанияға қолданылмайды.

5. Компания өз функцияларын орындауды қамтамасыз ету үшін Тараптардың үкіметтерімен, оның ішінде Компанияның олардың аумақтарында болу шарттары туралы, сондай-ақ Тараптардың өзге де уәкілетті органдарымен олардың құзыretіне кіретін мәселелер бойынша келісімдер жасасуы мүмкін.

## 3-бап

Осы Келісім Компанияның Жарғысында көзделген талаптар мен рәсімдердік орында шартымен оған басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашиқ.

Осы Келісім оған қосылатын мемлекет үшін депозитарий осы Келісімге қосылу туралы құжатты алған күннен бастап күшіне енеді.

## 4-бап

1. Кез келген Тарап осы Келісімнің депозитарийіне дипломатиялық арналар арқылы өзінің осы Келісімнен шығу ниеті туралы жазбаша хабарлама жолдай отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген хабарламаны жіберген Тарап Компания Жарғысының 25 және 26-баптарына сәйкес Компаниямен қатынастарды реттеу процесін бастайды.

Осы Тарапқа қатысты осы Келісімнің қолданылуы депозитарий Компания Жарғысының 25-бабының 5-тармағында көзделген хабарламаны алғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен соң тоқтатылады.

3. Компанияның басқа қатысуышыларының Компания құрамынан шығуы Компания Жарғысының V бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

#### **5-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісіуі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

#### **6-бап**

Осы Келісімге ескертпелерге жол берілмейді.

#### **7-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге байланысты келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі.

Келісімді қолдануга байланысты және Компанияның қызметі барысында туындастын даулар Компанияның Жарғысына сәйкес шешіледі.

#### **8-бап**

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

20\_\_ жылғы "\_\_\_" қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігінде сақталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін	Беларусь Республикасы үшін	Қазақстан Республикасы үшін	Қыргыз Республикасы үшін	Ресей Федерациясы үшін
------------------------------	-------------------------------	--------------------------------	-----------------------------	---------------------------

Еуразиялық қайта сақтандыру  
компаниясын құру туралы  
келісімге  
ҚОСЫМША

#### **Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясының ЖАРҒЫСЫ**

Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясы (ЕҚСК) (бұдан әрі – Компания) Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы 20 жылғы келісімге (бұдан әрі

– Келісім) сәйкес құрылды және өз қызметін соған және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Осы Жарғы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Компанияның халықаралық ұйым ретіндегі міндеттерін, функцияларын, құқықтық мәртебесі мен қаржылай қамтамасыз етілуінің ерекшеліктерін айқындаиды.

## I бөлім Жалпы ережелер

### 1-бап

#### Компанияның мақсаттары

Компания Компанияға қатысушы мемлекеттер (бұдан әрі – қатысушы мемлекеттер) арасындағы өзара сауда және инвестициялар көлемін ұлғайтуға, экономикалық интеграцияны дамытуға, Келісімге және осы Жарғыға сәйкес қызметті жүзеге асыру арқылы қатысушы мемлекеттердің үшінші елдермен инвестициялық тартымдылығын арттыруға және сауда-экономикалық байланыстарын кеңейтуге жәрдемдесуге бағытталған.

Компания оған жаңа қатысушылардың кіруі үшін ашықтық қағидатына сәйкес халықаралық қаржы-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған қызметті жүзеге асырады.

### 2-бап

#### Компанияның функциялары

Компания өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай функцияларды орындаиды:

қайта сақтандыруды (ретроцессияны және қайта сақтандырудың өзге де нысандарын қоса алғанда) және экспорттық кредиттерді (экспортты қолдаудың барлық қаржы құралдарын қоса алғанда), экспортқа бағдарланған қаржыландыру мен қатысушы мемлекеттердің өзара саудасы мен инвестициялары, олардың бірлесіп өндірілген өнімдерін үшінші елдерге экспорттау, үшінші елдерден инвестициялар тарту кезінде және экспортка жәрдемдесу мақсатында қатысушы мемлекеттердің үшінші елдерге бірлескен инвестицияларына қатысты кәсіпкерлікten және (немесе) саяси тәуекелдерден инвестицияларды қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Қайта сақтандыруға тәуекелдерді қабылдаған кезде Компания қызметің белгіленген көрсеткіштеріне қол жеткізу, Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсаттарын басшылыққа алады, бұл ретте Компанияға жарғылық капиталындағы олардың қатысу үлестеріне сәйкес Компанияға қатысушылар (бұдан әрі – қатысушылар) мүддесінің тенгерімділігі ескеріледі;

экспорттық кредиттерді (экспортты қолдаудың барлық құралдарын қоса алғанда), экспортқа бағдарланған қаржыландыру мен инвестицияларды қайта сақтандыру және қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды іске асыру мақсатында қатысушы

мемлекеттердің және үшінші елдердің экспорттық кредиттік агенттіктерімен, сақтандырушыларымен және қайта сақтандырушыларымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

қатысушы мемлекеттерде тәуекелдерді қайта сақтандыру кезінде тәуекелдерді бағалауды жүргізуге, тәуекелдерді барынша азайтуға және келтірілетін залалды реттеуге жәрдемдеседі;

Компанияның қызметін қамтамасыз ету үшін жекеше, мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен, даму банктерімен, қаржы және өзге де ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

Компанияның директорлар кенесі (бұдан әрі – директорлар кенесі) бекітетін тәртіпке сәйкес меншікті бағалы қағаздарды шығаруды, орналастыруды, айналысқа шығаруды, өтеуді және сатып алуды жүзеге асырады;

қатысушы мемлекеттерде және одан тыс жерлерде қаражатты (сақтандыру резервтерінің қаражатын, меншікті қаражатын, сондай-ақ өзге де уақытша бос қаражатты) инвестициялауды жүзеге асырады;

қайта сақтандыру саласында маркетингтік зерттеулерді, консультациялық, зерттеушілік және агартушылық қызметті жүргізеді;

Компанияның қатысушы мемлекеттермен жасасқан екіжақты келісімдеріне, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес Компанияның мақсаттарына қайши келмейтін өзге де қызметті жүзеге асырады.

### **3-бап**

#### **Компанияның мәртебесі және орналасқан жері**

1. Компания қатысушы мемлекеттерде заңды тұлға құқықтарын пайдаланады және оның ішінде мынадай өкілеттіктерді де жүзеге асырады:

а) осы Жарғыға қайши келмейтін мәмілелер жасайды;

б) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті жалға алады, сатып алады және иеліктен шығарады, сондай-ақ көрсетілген мүлікке өзге де тәсілмен билік етеді;

в) қатысушы мемлекеттердің сот және төрелік органдарында сөз сөйлейді. Бұл ретте қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен заңды тұлғаларға бекітілген өз мүдделерін қорғауға арналған Компанияның процестік құқықтары танылады;

г) осы Жарғыға сәйкес Компанияның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған басқа да әрекеттерді жасайды.

2. Компания өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал қатысушылар Компанияның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қатысушылар Компания қызметіне байланысты шығындар тәуекелін өздеріне тиесілі үлестердің құны шегінде көтереді.

3. Компанияның орналасқан жері – Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы.

4. Қатысушы мемлекеттердің аумақтарында Компанияның қызметі Келісімге, осы Жарғыға, Компанияның қатысушы мемлекеттердің үкіметтерімен (оның ішінде

Компанияның олардың аумақтарында болу шарттарату туралы) және қатысушы мемлекеттердің өзге де уәкілетті органдарымен өз құзыреті шегінде жасасқан келісімдеріне сәйкес, ал көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда не аумағында осындай қызмет жүзеге асырылатын қатысушы мемлекеттердің заңнамасында реттелмеген бөлігінде жүзеге асырылады.

5. Компанияның басқарушылар кеңесінің (бұдан әрі – басқарушылар кеңесі) шешімі бойынша Компания қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және Компанияның халықаралық қаржы ұйымы ретіндегі мэртебесінің ерекшеліктерін ескере отырып, филиалдар мен өкілдіктер ашуға, сондай-ақ үлестес компаниялар мен ұйымдар құруға құқылы.

#### **4-бап**

##### **Компания құрылтайшылары мен оған қатысушылар**

1. Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қыргыз Республикасы және Ресей Федерациясы өз үкіметтері атынан Компанияның құрылтайшылары болып табылады.

2. Компания құрылтайшылары осы Жарғының 6-бабына сәйкес компаниядағы өзінің қатысу үлесін төлегеннен кейін оның қатысушылары болады.

3. Компанияға жаңа мемлекеттің кіруі туралы шешімді осы Жарғыға сәйкес басқарушылар кеңесі осындай мемлекеттің басқарушылар кеңесі белгілеген тәртіппен Келісімге қосылғаннан кейін және Компанияға қатысу үлесін төлегеннен кейін қабылдайды.

4. Халықаралық қаржы ұйымының Компанияға кіруі туралы шешімді басқарушылар кеңесі осы Жарғыға сәйкес басқарушылар кеңесі белгілеген тәртіппен осындай халықаралық қаржы ұйымы Компанияға қатысу үлесін төлегеннен кейін қабылдайды.

5. Компания құрылтайшылары болып табылатын мемлекеттер және осы баптың 3-тармағына сәйкес Компанияға кірген мемлекеттер Қатысушы мемлекеттер деп түсініледі.

6. Қатысушы мемлекеттер, сондай-ақ осы баптың 4-тармағына сәйкес Компанияға кірген халықаралық қаржы ұйымдары қатысушылар деп түсініледі.

#### **II бөлім Компания капиталы**

#### **5-бап**

##### **Жарғылық капитал**

Компанияның жарғылық капиталы оның қатысушыларының үлестерінің номиналды құнынан тұрады және 15 миллиард Ресей рублін құрайды.

Компания құрылтайшыларының Компанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлестері осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада келтірілген

және Компанияның тиісті үлесі мен жарғылық капиталының номиналды құнының арақатынасына сәйкес келеді.

## **6-бап**

### **Жарғылық капиталға қатысу үлестерін төлеу**

1. Компанияның әрбір құрылтайшысы осы Жарғыға қосымшаға сәйкес осы құрылтайши үшін айқындалған қатысу үлесінің кемінде 25 пайзы мөлшерінде Компанияның жарғылық капиталындағы өзінің қатысу үлесіне бастапқы төлемді Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей жүзеге асырады

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Компанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне бастапқы ақы төлеу Келісімге қол қойылған күннен бастап мерзімінен бұрын жүргізуі мүмкін. Бұл ретте Компанияның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін төлем басқарушылар кеңесі айқындейтын кредиттік ұйымның шотына есепке жатқызылады.

3. Компанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің қалған бөлігін құрылтайшылар жыл сайын 2 жыл ішінде тең үлесімен өтейді, олардың біріншісі осы баптың 2-тармағына сәйкес жасалған төлемнен кейін 12 айдан кешіктірілмей төленуге тиіс.

4. Компанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлесін төлеуді Компания құрылтайшылары мерзімінен бұрын жүргізуі мүмкін.

5. Компанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлесін төлеу Компания құрылған кезде және оның жарғылық капиталы ұлғайған кезде номиналды құны бойынша жүзеге асырылады.

6. Қатысу үлесіне ақы төлеуді мемлекеттік орган немесе қатысушы мемлекеттің үкіметі уәкілеттік берген ұйым Ресей рублімен жүргізеді.

7. Егер Компания құрылтайшысы осы баптың 1 және 3-тармақтарында белгіленген мерзім ішінде осы Жарғыға қосымшада көзделгенмен салыстырғанда, жарғылық капиталға өзінің қатысу үлесін аз төлегені туралы мәлімдесе немесе төлесе, басқарушылар кеңесі Компанияның басқа да құрылтайшыларына жарғылық капиталға өзінің қатысу үлғайту құқығын пайдалануды дереу ұсынуға міндettі. Мұндай құқық көрсетілген ұсынысты алған күннен бастап 6 ай ішінде іске асырылуға тиіс. Мұндай құқықтан бас тартылған жағдайда басқарушылар кеңесі көрсетілген үлесті төлеуді қайтадан ұсынуға шешім қабылдайды.

8. Компания құрылтайшыларының үлесті төлеуінен түскен қаражат басқарушылар кеңесі айқындейтын кредиттік ұйымдағы Компанияның шотына есепке жатқызылады.

## **7-бап**

### **Жарғылық капиталдың өзгеруі**

1. Компанияның жарғылық капиталы осы Жарғыға сәйкес басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша және басқарушылар кеңесі белгілеген тәртіппен ұлғайтылуы немесе азайтылуы мүмкін.

2. Қатысушылардың жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешім қабылданғанға дейін оны ұлғайту кезінде тікелей жарғылық капиталдағы өздеріне тиесілі үлесіне пропорционалды мөлшерде үлесін сатып алуға басым құқығы бар. Олардың қайсыбірі көрсетілген құқықтан толық немесе ішінара бас тартқан жағдайда жарғылық капиталды ұлғайту кезінде үлесті сатып алу тәртібін басқарушылар кеңесі белгілейді.

## **8-бап**

### **Резервтік қор және Компанияның өзге де қорлары**

1. Компанияда Компанияның жарғылық капиталының 15 пайзы мөлшерінде резервтік қор құрылады.

2. Компанияның резервтік қоры осы баптың 1-тармағында белгіленген мөлшерге жеткенге дейін таза пайданың кемінде 10 пайзы мөлшерінде жыл сайынғы міндепті аударым жолымен қалыптастырылады.

3. Компанияның резервтік қоры оның залалын өтеуге, сондай-ақ Компанияның облигацияларын өтеуге және өзге қаражат болмаған жағдайда Компанияның үлесін сатып алуға арналған. Резервтік қор өзге мақсаттарда пайдаланылмайды.

4. Резервтік қордан басқа Компания басқа да қорлар құруға құқылы.

5. Басқа да қорларға аударым директорлар кеңесі белгілейтін мөлшерде және тәртіппен жүзеге асырылады.

## **9-бап**

### **Қаржылық тұрақтылыққа қойылатын талаптар**

Компания директорлар кеңесі белгілеген Компанияның қаржылық тұрақтылығын Компания қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, оның ішінде қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндептемелер бойынша жауапкершіліктің жиынтық лимиті бөлігіндегі талаптарды сақтауға міндепті.

## **10-бап**

### **Компания дивидендері**

1. Есепті жылдың нәтижесі бойынша және сыртқы аудитор растиған жылдық есеп беру бекітілгеннен кейін басқарушылар кеңесі Компания қызметін кеңейту мақсатында пайданы Компанияның жарғылық капиталын ұлғайтуға, сондай-ақ Компанияның резервтік және өзге де қорларын толықтыруға жіберу туралы шешім қабылдайды (жариялайды).

Компанияның жарғылық капиталы Компанияның пайдасы есебінен ұлғайтылған жағдайда жарғылық капиталдағы қатысушылар үлесі пайда алынған қаржы жылдының соңындағы жағдай бойынша олар төлеген үлестің санына пропорционалды түрде ұлғайтылуға тиіс.

2. Егер мақсатқа сай болмауына байланысты басқарушылар кеңесі пайданы Компанияның жарғылық капиталын ұлғайтуға, сондай-ақ Компанияның резервтік және өзге де қорларын толықтыруға жіберу туралы шешім қабылдамаған жағдайда басқарушылар кеңесі қатысуышыларға олардың Компанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне сәйкес дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдай (жариялай) алады.

3. Қатысуышыларға дивидендтер төлеу туралы шешім (хабарландыру) резервтік қоросы Жарғының 8-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерге жеткеннен кейін ғана қабылдануы мүмкін.

4. Есепті жылдың нәтижесі бойынша қатысуышыларға дивидендтер төлеу (жариялау) туралы шешім есепті жыл аяқталғаннан кейін 6 ай ішінде қабылдануы мүмкін. Компания жарияланған дивидендтерді төлеуге міндettі.

5. Компанияның таза пайдасы Компанияның қаржылық (бухгалтерлік) есептілігінің деректеріне сәйкес айқындалады.

6. Дивидендтер төлеу туралы шешімді (хабарландыруды) басқарушылар кеңесі қабылдайды. Көрсетілген шешімде үлестер бойынша дивидендтердің мөлшері, оларды төлеу нысаны және төлеу күні айқындалуға тиіс.

7. Дивидендтерді ақшалай нысанда төлеуді Компания қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

8. Қатысуышыларға Компанияның дивидендтерін төлеу (жариялау) пайда алынған қаржы жылдының соңындағы жағдай бойынша олардың төлеген үлесінің санына пропорционалды түрде жүргізіледі.

### **III бөлім Компанияны басқару**

Компанияны басқаруды:

басқарушылар кеңесі;

директорлар кеңесі;

Компания басқармасы (бұдан әрі – басқарма);

басқарма төрағасы жүзеге асырады.

### **11-бап**

#### **Басқарушылар кеңесі**

1. Басқарушылар кеңесі Компанияның жоғары басқару органы болып табылады.

2. Әрбір қатысуши мемлекет басқарушылар кеңесіне үкімет басшысының орынбасары деңгейінде бір-бір мүшеден тағайындейды және бұл туралы басқа қатысуышылар мен Компанияны ресми тәртіппен хабардар етеді.

Компанияға жаңа қатысуши халықаралық қаржы үйымы кірген жағдайда, мұндай қатысуши Компанияның басқарушылар кеңесіне көрсетілген үйымның жоғары басқару органының басшылары қатарынан бір мүше тағайындейды.

3. Басқарушылар кеңесінде төрағалық етуді орыс әліпбі тәртібінде ротациялық негізде 1 қатысушы күнтізбелік 1 жыл ішінде ұзарту құқығының жүзеге асырады.

4. Басқарушылар кеңесіндегі міндеттерді орындағаны үшін басқарушылар кеңесінің төрағасына және мүшелеріне сыйақы төленбейді. Олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде отырыстарға қатысуға байланысты шығыс Компанияның қаржылық мүмкіндігі негізінде белгіленген мөлшерде өтелуі мүмкін.

## 12-бап

### Басқарушылар кеңесінің құзыреті

Басқарушылар кеңесінің құзыретіне мынадай мәселелер:

а) Компанияның 5 жылға арналған даму стратегиясын бекіту және оны орындау (іске асыру) нәтижесі туралы баяндаманы қарау, Компанияның халықаралық ынтымақтастық саласындағы басымдықтарын айқындау және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы келісімдер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

б) Компания құрамына жаңа қатысушыларды қабылдауды және шарттарын айқындау, жеке қатысушының Компанияға қатысуын тоқтата тұру және (немесе) тоқтату;

в) қатысушылардың салымдары, оның ішінде жарғылық капиталды олардың арасында қайта бөлу және (немесе) қаржыландырудың өзге де көздері есебінен Компанияның жарғылық капиталын ұлғайту;

г) директорлар кеңесінің қайта сақтандыру, қаражатты инвестициялау және Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі Компания қызметінің тәртібін регламенттеу жөніндегі жалпы нұсқаулары;

д) пайданы жарғылық капиталды ұлғайтуға, Компанияның резервтік және өзге де қорларын толықтыруға, есепті жылдың нәтижесі бойынша дивидендтер төлеуге (жариялауға) бағыттау;

е) Компанияның жекелеген функцияларын іске асыру үшін оның өзге де қорларын құруды келісу;

ж) Компанияның жарғылық капиталын өзгерту (ұлғайту немесе азайту) тәртібін бекіту;

з) Компанияның таза активтерін қатысушылар арасында бөлу мерзімі мен шарттарын айқындауды қоса алғанда, Компанияның қызметін тоқтата тұру, оны тарату, Компанияның филиалдары мен өкілдіктерін ашу (жабу);

и) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша мәселелерді шешу;

к) директорлар кеңесінің құрамын бекіту, директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

л) басқарушылар кеңесінің жұмыс регламентін бекіту;

м) шешімі осы Жарғыға және Келісімге сәйкес басқарушылар кеңесіне жүктелетін кез келген басқа да мәселелер жатады.

## 13-бап

## **Басқарушылар кеңесінде дауыс беру**

1. Дауыс беру кезінде басқарушылар кеңесінің әрбір мүшесі 1 дауысқа ие.
2. Басқарушылар кеңесі отырыстарды қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде 1 рет өткізеді.

Басқарушылар кеңесінің кез келген мүшесі басқарушылар кеңесінің кезектен тыс отырысын өткізуге бастамашылық жасай алады, сондай-ақ отырыстың күн тәртібіне ұсыныстар енгізе алады.

3. Басқарушылар кеңесінің отырысы, егер оған Басқарушылар кеңесінің барлық мүшелері қатысатын болса, заңды болып табылады.

4. Басқарушылар кеңесі барлық мәселелер бойынша шешімдерді консенсуспен қабылдайды.

5. Басқарушылар кеңесі оған қатысуышылардың қайсыбірінің Компанияға қатысуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешім қабылдағанда дауыс беру нәтижесін анықтаған кезде осы қатысуышының қарсылығы ескерілмейді.

6. Басқарушылар кеңесі дауыс беруді басқарушылар кеңесінің мүшелеріне сырттай жазбаша сауалнама жүргізу арқылы өткізуге құқылы. Мұндай шешімдер басқарушылар кеңесі отырысының хаттамасымен ресімделеді, ол өткізілгеннен кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей басқарушылар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі.

7. Басқарушылар кеңесі отырыстарының хаттамалары Компанияның архивінде сақталады.

8. Басқарушылар кеңесінің төрағасы:

а) басқарушылар кеңесінің кезекті отырысында қарау үшін енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылықты жүзеге асырады;

б) күн тәртібін айқындайды;

в) басқарушылар кеңесінің отырыстарын ашады, жүргізеді және жабады.

9. Басқарушылар кеңесі мүшелерінің Компанияның қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік (қаржылық) есептілігімен және Компанияның өзге де құжаттарымен танысуға құқығы бар.

10. Басқарушылар кеңесі өз қызметін қамтамасыз ету үшін Компанияның басқару органдары болып табылмайтын қосалқы және (немесе) консультативтік-кеңесші органдар құруға құқылы.

## **14-бап**

### **Директорлар кеңесі**

1. Директорлар кеңесі Компанияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы болып табылады.

2. Директорлар кеңесіне әрбір қатысуши мемлекеттің үкіметінен министр, (министрдің орынбасары) деңгейінде немесе халықаралық қаржы үйымынан осы үйымның жоғары басқару органының басшылары арасынан бір-бір өкілден кіреді.

Директорлар кеңесінің мүшесін тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдерді басқарушылар кеңесі тиісті қатысушы тағайындаған басқарушылар кеңесі мүшесінің ұсынуы бойынша қабылдайды.

Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау кезінде және олардың өз міндеттерін орындауы кезеңінде мұдделер қақтығысының болмауы қағидаты қамтамасыз етілуге тиіс.

3. Директорлар кеңесінде төрағалық етуді орыс әліпбі тәртібінде 1 қатысушы ротациялық негізде күнтізбелік 1 жыл ішінде ұзарту құқығының жүзеге асырады.

4. Директорлар кеңесіндегі міндеттерді орындағаны үшін директорлар кеңесінің төрағасына және мүшелеріне сыйакы төленбейді. Олардың өз міндеттерін орындауы кезеңінде олардың отырыстарға қатысуына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін. Мұндай өтемақылар мөлшері Компанияның қаржылық мүмкіндігін ескере отырып белгіленеді.

## 15-бап

### Директорлар кеңесінің құзыреті

1. Директорлар кеңесінің құзыретіне мынадай мәселелер:

а) Компанияның 5 жылға арналған даму стратегиясына сәйкес Компания қызметінің негізгі бағыттарын (басымдықтарын) және қаржы жылы мен орта мерзімді кезеңге арналған тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін айқындау;

б) осы Жарғының 2-бабына сәйкес қайта сақтандыруды жүзеге асыру (ретроцессияны және қайта сақтандырудың өзге де нысандарын қоса алғанда) және экспорттық кредиттерді, экспортқа бағдарланған қаржыландыруды және кәсіпкерлік және (немесе) саяси тәуекелдерден инвестицияларды қамтамасыз ету жөніндегі Компания қызметінің тәртібін (қызметі туралы ережені) бекіту, оның ішінде резервтерді қалыптастыру туралы ережені және сақтандыру тәуекелдерін бағалау және Компанияның сақтандыру тәуекелдерін басқару туралы ережені бекіту;

в) басқарманың сандық құрамын және ұйымдық құрылымын бекіту, Компанияның даму стратегиясын орындау (іске асыру) нәтижесін ескере отырып, басқарма төрағасын, басқарма төрағасының орынбасарларын (олар болған жағдайда) және басқарма мүшелерін 5 жылға тағайындау, оның ішінде олармен еңбек қатынастарын ұзарту, қызметінен шеттету, босату;

г) басқарма төрағасына, басқарма төрағасының орынбасарларына (олар болған жағдайда) және басқарма мүшелеріне келісімшарттардың талаптарын және сыйакы мөлшерін айқындау;

д) Компанияның жарғылық капиталына қатысу үлесін негізге ала отырып, қатысушы мемлекеттердің өкілдік ету қағидатын ескеріп, басқарма функцияларын айқындау және Компания қызметкерлерінің штат санын бекіту;

е) аудиторлық қорытындыны ескере отырып, Компанияның жылдық есебін бекіту;

ж) Компанияның кезекті қаржы жылына арналған бюджетін бекіту;

з) Компанияның бюджетін қалыптастыру және оның орындалуын бақылау туралы ережені бекіту;

и) осы тармақтың "а" тармақшасына сәйкес бекітілген тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін ескере отырып, басқарма төрағасына, басқарма төрағасының орынбасарларына (олар болған жағдайда), басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу туралы жыл сайын шешімдер қабылдау;

к) Компанияның сыртқы аудиторын, Компанияның сыртқы аудиторының кандидатурасын таңдау тәртібін, Компанияның ішкі аудит жұмысы қызметінің тәртібін және оның дербес құрамын, Компанияның тексеру комиссиясы қызметінің тәртібін және оның дербес құрамын бекіту;

л) Компанияның резервтік қорын және жекелеген функцияларын іске асыру үшін басқарушылар кеңесінің келісімі бойынша оның өзге де қорларын құру және мөлшерін айқындау;

м) қайта сақтандыру бойынша белгіленген лимиттен асатын мәмілелерді немесе оларды кейіннен мақұлдау туралы шешімдерді жасауға келісім беру туралы шешімдерді қарау және қабылдау;

н) Компанияны тарату рәсімін айқындау;

о) директорлар кеңесі мен басқарманың жұмыс регламентін бекіту;

п) Компанияның қаржылық тұрақтылығына, оның ішінде қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерге байланысты жауапкершіліктің жиынтық лимиті бөлігінде қойылатын талаптарды бекіту;

р) қатысушы мемлекеттерде және одан тысқары жерде қаражатты (сақтандыру резервтерінің қаражатын, өз қаражатын, сондай-ақ өзге де уақытша бос қаражатты) инвестиациялау тәртібін бекіту;

с) тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесін бекіту;

т) Компанияның басқарушылық есептілігі туралы ережені бекіту;

у) Компанияның сатып алу туралы ережесін бекіту;

ф) Компания қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ережені бекіту;

х) Компанияның меншікті бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, өтеу және сатып алу тәртібін бекіту;

ц) басқарушылар кеңесіне оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау және енгізу;

ч) басқарушылар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, шешілуі Келісімге және осы Жарғыға сәйкес директорлар кеңесіне жүктелетін өзге де мәселелер жатады.

2. Басқарушылар кеңесінің осы Жарғының 12-бабының "г" тармақшасында көзделген жалпы нұсқаулары директорлар кеңесі осы баптың 1-тармағының "б", "п" және "р" тармақшаларында көзделген өз құзыреті шеңберінде қызметін жүзеге асырган кезде оның есепке алынуы үшін міндетті.

3. Басқарма төрағасымен келісімшартқа директорлар кеңесінің төрағасы немесе оның жазбаша тапсырмасы бойынша директорлар кеңесінің мүшесі қол қояды.

## **16-бап**

### **Директорлар кеңесінде дауыс беру**

1. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде Компанияның жарғылық капиталындағы өзі ұсынатын қатысушының үлесіне пропорционал дауыс саны болады.

2. Директорлар кеңесі отырыстарды қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде 2 рет өткізеді.

Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырыстарын директорлар кеңесінің төрағасы өз бастамасы бойынша, директорлар кеңесі мүшесінің, Компанияның ревизиялық комиссиясының, Компанияның ішкі аудитін үйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты лауазымды адамның немесе аудитордың (аудиторлық үйымның), басқарманың немесе оның төрағасының, сондай-ақ Компанияның төленген жарғылық капиталындағы үлестің кемінде 10 пайзы тиесілі қатысушының (қатысушылардың) талабы бойынша шақырады.

3. Осы Жарғының 15-бабы 1-тармағының "а" – "в", "д" – "з", "м", "п" – "ц" тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша директорлар кеңесі дауыстардың жалпы санынан кемінде үштен екісіне ие өз мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен шешімдер қабылдайды.

Директорлар кеңесі Компания қызметінің қалған мәселелері бойынша жалпы дауыс санының жай көпшілік даусымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар саны тең болған жағдайда директорлар кеңесі төрағасының шешуші дауыс құқығы бар.

5. Директорлар кеңесі дауыс беруді директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай жазбаша сауалнама жүргізу арқылы жүргізуге құқылы. Мұндай шешімдер директорлар кеңесі отырысының хаттамасымен ресімделеді, ол директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілгеннен кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

6. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары Компанияның архивінде сақталады.

7. Директорлар кеңесінің төрағасы:

а) директорлар кеңесі кезекті отырысында қарауы үшін енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылықты жүзеге асырады;

б) күн тәртібін айқындаиды;

в) директорлар кеңесінің отырыстарын ашады, жүргізеді және жабады;

г) директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан директорлар кеңесі төрағасының міндетін уақытша атқарушыны тағайындаиды.

8. Директорлар кеңесі мүшелерінің Компанияның қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік (қаржылық) есептілігімен және Компанияның өзге де құжаттарымен танысуға құқығы бар.

9. Директорлар кеңесі өз қызметін қамтамасыз ету үшін Компанияның басқару органдары болып табылмайтын қосымша және (немесе) консультативтік-кеңесші органдарды құруға құқылы.

## 17-бап

### Басқарма

1. Басқарма Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Компанияның тұрақты жұмыс істейтін алқалы атқарушы органы болып табылады.

Директорлар кеңесі басқарманы, әдетте, 5 жыл мерзімге тағайындаиды. Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімі Компанияның даму стратегиясында белгіленген көрсеткіштердің орындалуын ескере отырып, 5 жылға ұзартылуы мүмкін.

Басқарма өз қызметін жүзеге асыру кезінде Келісімді, осы Жарғыны, басқарушылар кеңесі мен директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

Компания басқармасы басқарушылар кеңесіне және Компанияның директорлар кеңесіне есеп береді.

Басқарма мүшелері өз қызметін Компания мүддесі үшін жүзеге асырады.

Компания басқармасына тағайындау Компанияның барлық құрылтайшы өкілдерінің болуы қамтамасыз етілген кезде кәсіби негізде (кандидаттардың кәсіби даярлығын, олардың іскерлік беделін, жүктелген міндеттерді тиісінше орындау үшін қажетті білімі мен біліктілігін негізге ала отырып) жүзеге асырылады.

Басқарма мүшесін тағайындау, оның өкілеттіктерін ұзарту және мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдерді директорлар кеңесі қабылдайды.

2. Басқарманың құзыретіне мынадай мәселелер:

а) басқарушылар кеңесінің қарауына Компанияның 5 жылға арналған даму стратегиясының жобасын, оның ішінде оны орындау (іске асыру) нәтижесі туралы баяндаманы, сондай-ақ Компанияның халықаралық ынтымақтастық саласындағы басымдығын және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы келісімдер жасасу туралы ұсыныстарды дайындау және енгізу;

б) қаржы жылына және орта мерзімді кезеңге Компания қызметінің негізгі бағыттары (басымдықтары) туралы ұсыныстарды дайындау және директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну;

в) Компанияның қаржылық тұрақтылығына қойылатын талаптар, оның ішінде қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелер жөніндегі жауапкершіліктің жиынтық лимиті бөлігіндегі талаптар туралы ұсыныстарды дайындау және директорлар кеңесіне бекітуге енгізу;

г) осы Жарғының 2-бабына сәйкес директорлар кеңесі бекітетін тәртіпке сәйкес Компанияның қайта сақтандыру жөніндегі қызметті (ретроцессияны және қайта

сақтандырудың өзге де нысандарын қоса алғанда) жүзеге асыруына және экспорттық кредиттерді, экспортқа бағдарланған қаржыландыру мен инвестицияларды кәсіпкерлік және (немесе) саяси тәуекелдерден қамтамасыз етуге бағытталған шешімдер қабылдау;

д) басқарушылар кеңесі мен директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

е) қаржы жылы үшін есептілікті, Компанияның әрбір қаржы жылына арналған бюджет жобаларын (кіріс және шығыс жоспарын) дайындау және директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну;

ж) Компания қызметкерлеріне еңбегіне ақы төлеу туралы ережені дайындау және директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну;

з) қаражатты орналастыру мен тартуға қатысты шешімдер қабылдау, олардың өтімділігін қолдау және пайда алу мақсатында Компанияның активтері мен пассивтерінің ұтымды құрылымын айқындау, тәуекелдер мен өтімділікті бақылауды қамтамасыз ету;

и) басқарманың құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды (Компания тәртіптерін, ережелерін, қағидаларын, регламенттерін, нұсқаулықтарын, талаптарын, ресімдерін және өзге де ішкі құжаттарды қоса алғанда) бекіту;

к) басқарманың бастамасы бойынша директорлар кеңесінің қарауына бекітілуі директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған ішкі нормативтік құжаттарды енгізу туралы шешімдерді дайындау, алдын ала қарау және қабылдау;

л) бекітілуі директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған өзге де құжаттардың жобаларын дайындау және директорлар кеңесінің қарауына енгізу;

м) Компанияның ұйымдық құрылымын және штат кестесін бекіту;

н) болатын елінің заңнамасына сәйкес Компания қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру, бағалау (аттестаттау), оқыту шарттарын айқындау;

о) маркетингтік зерттеулер жүргізу, қайта сақтандыру саласында консультациялық, зерттеу және ағартушылық қызметті жүзеге асыру;

п) басқарма төрағасының шешімі бойынша басқарманың қарауына енгізілетін және басқарушылар кеңесі мен директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын Компания қызметінің басқа да мәселелерін қарау жатады.

3. Басқарманың сандық құрамын директорлар кеңесі айқындауды. Басқарма мүшелерін директорлар кеңесі лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатады. Басқарма мүшелері бір мезгілде басқарушылар кеңесінің мүшесі және (немесе) директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

Басқарма мүшелерін тағайындау кезінде және олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде мүдделер қақтығысының болмауы қағидаты қамтамасыз етілуге тиіс.

Басқарма төрағасының ұсынысы бойынша директорлар кеңесі басқарма құрамына Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын енгізу туралы шешім қабылдайды. Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді бөлуді оның төрағасы жүзеге

асырады. Қажет болған жағдайда директорлар кеңесі басқарма құрамын және оның мүшелерінің санын қайта қарай алады.

4. Басқарманың отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ 2 айда кемінде 1 рет өткізіледі. Егер отырысқа басқарма мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісі қатысатын болса, оның күші бар деп саналады.

Басқарма отырысында шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады. Шешім қабылдау кезінде басқарманың әрбір мүшесі 1 дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда басқарма төрағасының даусы шешуші болып табылады. Басқарма қабылдаған шешімдер орындау үшін міндетті болып табылады.

Басқарма мүшелері басқарма отырыстарының хаттамаларына өз ескертулері мен ұсыныстарын енгізуге құқылы. Басқарма отырысының хаттамасына басқарма төрағасы қол қояды.

## 18-бап

### Басқарма төрағасы

1. Басқарма төрағасы Компания мен басқарманың қызметін осы Жарғыда және басқарушылар кеңесі мен директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өз құзыretі мен өкілеттіктері шенберінде басқарады.

2. Басқарма төрағасын директорлар кеңесі 5 жылдан аспайтын мерзімге тағайындаиды.

Басқарма төрағасы:

кеңесші дауыс құқығымен директорлар кеңесінің отырыстарына;

дауыс беру құқығының басқарушылар кеңесінің отырыстарына қатысады.

Басқарма төрағасы бір мезгілде басқарушылар кеңесінің мүшесі және (немесе) директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

3. Басқарма төрағасы Компанияның ресми өкілі болып табылады және оған мынадай өкілеттіктер:

а) басқарушылар кеңесінің, директорлар кеңесінің және басқарманың шешімдеріне сәйкес Компанияның ағымдағы қызметін басқару;

б) Компания атынан (сенімхатсыз) операциялар мен мәмілелер жасау, мемлекеттермен, халықаралық қаржы және басқа да ұйымдармен қатынастарда Компанияның мүдделерін білдіру;

в) Компания қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату, олардың лауазымдық міндеттерін айқындау, Компанияның директорлар кеңесі бекіткен бюджет шенберінде Компания қызметкерлеріне енбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және өзге де көтермелеген мөлшерін белгілеу;

г) ішкі аудит қызметінің дербес құрамы бойынша ұсыныстар енгізу;

д) Компанияның барлық қызметкери орындауға міндетті бұйрықтар шығару және тапсырмалар беру, сондай-ақ сенімхаттар ресімдеу;

е) Компания қатысуышыларының тізімін жүргізу берілген.

4. Басқарма төрағасы басқарушылар кеңесі мен директорлар кеңесінің алдында олардың шешімдерінің орындалуы, Компанияның жұмысын ұйымдастыру және оның қызметінің нәтижесі үшін жауаптылықта болады.

5. Басқарма төрағасы болмаған кезде немесе оның өз міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда оның функциялары мен өкілеттіктерін оның орынбасарларының бірі (олар болған кезде) немесе басқарма мүшелері жүзеге асырады.

#### **IV бөлім Компания қызметінің жекелеген аспектілері**

##### **19-бап**

###### **Компанияның халықаралық ұйым ретіндегі мәртебесі, саяси қызметке тыйым салу**

1. Компания, басқарма төрағасы, басқарма төрағасының орынбасарлары (олар болған жағдайда), басқарма мүшелері мен Компания қызметкерлері өз шешімдерінде осы Жарғыда көзделген компанияның мұдделерін, оның мақсаттары мен функцияларын ғана басшылыққа алады. Басқарма төрағасы, басқарма төрағасының орынбасарлары (олар болған жағдайда), басқарма мүшелері мен Компания қызметкерлері өз міндеттерін орындау кезінде тек Компанияның мұддесі үшін әрекет етеді.

Компания қатысуышылары өз міндеттерін орындау кезінде көрсетілген адамдардың біреуіне қысым көрсетудің кез келген әрекетінен бас тартады.

2. Компания өзінің мақсаттарына немесе функцияларына қандай да бір түрде зиян келтіруі, оларды шектеуі, олардан ауытқуға әкелуі немесе өзгеше түрде оларды өзгертуі мүмкін ресурстарды тартуға, көмек алуға немесе өзге де жәрдемдесу түріне қатыспайды.

3. Компания, басқарма төрағасы, басқарма төрағасының орынбасарлары (олар болған жағдайда), басқарма мүшелері мен Компания қызметкерлері қатысуышы мемлекеттердің кез келгенінде болып жатқан саяси оқиғаларға араласпауға тиіс. Компанияның басқару органдарының шешімдері қатысуышылардың саяси қысымымен қабылданбауға тиіс.

Шешім қабылдау кезінде Компанияның басқару органдары осы Жарғының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған пайымдауды ғана басшылыққа алуға тиіс.

##### **20-бап**

###### **Байланыс арналары**

Әрбір қатысуыш өзінің ресми органын немесе өкілін айқындайды, онымен Компания осы Жарғы шеңберінде туындастырылған мәселелерді шешеді.

##### **21-бап**

###### **Компанияның жұмыс және ресми тілі**

Компанияның жұмыс және ресми тілі орыс тілі болып табылады.

##### **22-бап**

###### **Компанияның қаржы жылы**

Компанияның қаржы жылы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

## **23-бап**

### **Компанияның аудиті және есептерді жариялау**

1. Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін оның құрылымында дербес құрамын директорлар кеңесі оны ұзарту мүмкіндігімен 1 жыл мерзімге бекітетін ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметі директорлар кеңесіне есеп береді.

2. Компанияның жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын тексеру және растау үшін жыл сайын Компанияның тәуелсіз сыртқы аудиті жүргізіледі.

Аудит жүргізуге лицензиясы бар және Компаниямен немесе оның қатысуышыларымен мұліктік мұddeлермен байланысты емес тәуелсіз халықаралық кәсіби аудиторлық ұйымды іріктеу тәртібін директорлар кеңесі айқындайды.

Директорлар кеңесі жыл сайын іріктеу нәтижесі бойынша үздік деп танылған тәуелсіз халықаралық кәсіби аудиторлық ұйымды бекітеді және онымен келісімшарт жасасу құқығын басқарма төрағасына береді.

3. Компания қатысуышыларға жылдық есепті және қаржылық есептілік туралы аудиторлық қорытындыны есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанының соңғы күнінен кешіктірмей жібереді.

Компания өзінің қаржылық есептерін және жариялануы сақтандыру қызметінің жалпы қабылданған қағидаттарын негізге ала отырып, өз мақсаттарына қол жеткізу және өз функцияларын орындау үшін орынды болып көрінетін өзге де есептерін жариялады.

## **24-бап**

### **Компания қызметіне ревизия жасау**

1. Компанияның қызметіне ревизия жасауды директорлар кеңесі 4 жыл мерзімге бекітетін Компанияның ревизиялық комиссиясы жүзеге асырады. Компанияның ревизиялық комиссиясының құрамына ревизиялық комиссиясының төрағасы және оның мүшелері кіреді.

2. Компанияның ревизиялық комиссиясының төрағасы мен мүшелері компанияда ешқандай лауазымдарды атқара алмайды.

3. Ревизияларды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін директорлар кеңесі айқындайды

4. Басқарма төрағасы Компанияның ревизиялық комиссиясының қарамағына ревизия жасауды жүзеге асыру үшін қажетті барлық материалдарды береді.

5. Компанияның ревизиялық комиссиясының есептері директорлар кеңесіне жылына кемінде 1 рет ұсынылады.

**V бөлім Компания құрамынан шығу, Компания қызметін тоқтата түру, Компанияны тарату**

## **25-бап**

## **Қатысушылардың компания құрамынан шығуы**

1. Кез келген қатысушы басқарушылар кеңесін өзінің ниеті туралы жазбаша хабардар ете отырып, өз қалауы бойынша Компания құрамынан шығуға құқылы.

Басқарушылар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап:

а) Компанияның құрамынан шығу құқығын қоспағанда, Келісімге және (немесе) осы Жарғыға сәйкес осы қатысушыға берілген барлық құқықтар тоқтатыла тұрады;

б) бұл қатысушының басқарушылар кеңесі не директорлар кеңесі қандай да бір шешімдер қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ. Бұл ретте Компания құрамынан шыққанға дейін оның Компания алдындағы барлық тікелей және жанама міндеттемелері сакталады;

в) бұл қатысушы Компания құрамынан шығу ниеті туралы хабарламаны алғаннан кейін қайта сақтандыру шарттарын жасасу кезінде Компания қабылдаған тәуекелдер бойынша міндеттемелерді көтермейді, сондай-ақ Компанияның кірісі мен шығысын бөлуге қатыспайды.

2. Басқарушылар кеңесі қатысушыдан оның Компания құрамынан шығу ниеті туралы хабарлама алған күннен бастап 6 ай ішінде Компания мен осы қатысушы арасындағы қатынастарды реттеу мерзімі мен тәртібі туралы келісім жасалған күнге дейін бұл қатысушы басқарушылар кеңесін көрсетілген хабарламаның күшін жою туралы жазбаша түрде хабардар ете алады.

3. Басқарушылар кеңесі қатысушыдан оның Компания құрамынан шығу ниеті туралы хабарламаны алған күннен бастап 6 ай өткенге дейін не Компания мен Компания қатысушысы арасындағы қатынастарды реттеу мерзімі мен тәртібі туралы келісім жасасқан күнге дейін бұл қатысушы басқарушылар кеңесін көрсетілген хабарламаның күшін жою туралы жазбаша түрде хабардар ете алады.

4. Басқарушылар кеңесін Компания құрамынан шығу ниеті туралы хабардар еткен қатысушы өзі мен Компания арасындағы қатынастарды реттеу мерзімі мен тәртібі туралы келісім жасалған күннен бастап, бірақ басқарушылар кеңесі жазбаша хабарлама алған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей Компания қызметіне өзінің қатысуын тоқтатады.

5. Қатысушы мемлекеттің Компания қызметіне қатысуы тоқтатылған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей осы баптың 4-тармағына сәйкес Компания Келісімнің депозитарийіне осындай мемлекеттің Компания құрамынан шығуы туралы хабарлама жібереді.

## **26-бап**

### **Бұрынғы қатысушылармен есеп айырысууды реттеу**

1. Компания мен қатысушы қатысу тоқтатылған күнге дейін Компания қызметінде өзара тиімді шарттарда Компанияның жарғылық капиталындағы осы қатысушының үлесін сатып алу туралы уағдаластыққа қол жеткізе алады.

2. Егер Компания қатысушыдан оның Компания құрамынан шығу ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 6 ай өткен соң жарғылық капиталды оның

үлесін сатып алу туралы уағдаластыққа қол жеткізілмесе, Компания бұл үлесті сатып алуды мынадай шарттарда жүзеге асырады:

а) сатып алу бағасы Компания қатысушыдан оның Компания құрамынан шығу ниеті туралы хабарламаны алған күнгі Компанияның таза активтерінің құнына және Компанияның жарғылық капиталындағы осы қатысушының төленген үлесінің көлеміне қарай айқындалады;

б) үлесті төлеу Компанияның қаржылық жай-күйін ескере отырып, басқарушылар кеңесі айқындастын мөлшерде және мерзімде бірнеше кезеңде жүргізіледі;

в) төлемдер сатып алу бағасы ретінде тиесілі сома осы Жарғының 25-бабы 1-тармағының "б" тармақшасында көзделген Компания алдындағы міндептемелердің жалпы сомасынан асатын шекте бірнеше кезеңмен жүргізілуі мүмкін;

г) қатысушыға оның үлесін сатып алғаны үшін тиесілі сома қатысушы немесе оның кез келген құрылымы басқарушылар кеңесінің қалауы бойынша оның үлесін сатып алғаны үшін қатысушыға тиесілі соманың есебіне жатқызылуы мүмкін қандай да бір соманы төлеу жөніндегі Компания алдындағы қаржылық міндептемелерді реттеген сәтке дейін ұсталады;

д) егер Компания қатысушының Компания құрамынан шығу күніне өзінде бар қайта сақтандыру осы Жарғыға сәйкес қабылданған қайта сақтандыру бойынша тәуекелдері бойынша таза шығынға ұшыраса және осындай залалдың сомасы осы операциялар бойынша берілген резервтердің сомасынан асып кетсе, мұндай қатысушы Компанияның талабы бойынша, егер мұндай залал сатып алу бағасын айқындау кезінде есепке алынған болса, оның үлесін сатып алу бағасы кемитіндей соманы өтейді;

е) қатысушыға оның үлесін сатып алғаны үшін тиесілі ешқандай сома Компания қатысушыдан оның Компания құрамынан шығу ниеті туралы хабарламасын алған күннен бастап 6 айдан бұрын төленбейді. Егер қатысушы Компания құрамынан шыққан күннен бастап 6 ай ішінде басқарушылар кеңесі осы Жарғының 12-бабының "ж" тармақшасында көзделген Компанияны таратуға бастамашылық жасау туралы шешім қабылдаса, Компания мен осындай қатысушы арасындағы барлық құқықтық қатынастар осы Жарғының 29-бабының 4-тармағында көзделген ережелермен реттеледі

3. Бұрынғы қатысушымен есеп айырысуды реттеу нәтижесі бойынша оның Компанияның жарғылық капиталындағы Компания сатып алған үлесі басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша басқа қатысушыларға ұсынылуы мүмкін.

## 27-бап

### Компанияға қатысады тоқтата тұру

1. Егер қатысушы Компания алдындағы өз міндептемелерін орында маса, басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша оның Компанияға қатысуы тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қатысушының оның Компанияға қатысуын тоқтата тұру кезеңіндегі қызметі осы Жарғының 25-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен айқындалады.

3. Егер шешім қабылданған күннен бастап 1 жыл өткен соң басқарушылар кеңесі компанияға қатысуын тоқтата тұру туралы қатысушыны оның құқықтарын қалпына келтіру туралы шешім қабылдамаса, бұл қатысушы Компания құрамынан шығарылды деп саналады. Өзі мен Компания арасындағы одан арғы құқықтық қатынастар осы Жарғының 25 және 26-баптарына сәйкес реттелетін болады.

## **28-бап**

### **Компания қызметін уақытша тоқтата тұру**

Төтенше жағдайда басқарма басқарушылар кеңесі қабылдаған шешім бойынша басқарушылар кеңесі қалыптасқан жағдайды қарағанға дейін және бұрын жасалған келісімдер бойынша барлық міндеттемелерді сақтап және орындал, өзі қажетті шаралар қабылдағанға дейін Компанияның қайта сақтандыру жөніндегі қызметін уақытша тоқтата алады.

## **29-бап**

### **Компанияның қызметін тоқтату және оны тарату**

1. Компанияны таратуға бастамашылық жасау туралы шешімді, сондай-ақ тарату туралы шешімді басқарушылар кеңесі қабылдайды.

2. Басқарушылар кеңесі Компанияны таратуға бастамашылық жасау туралы шешім қабылдаған кезде, өз активтерін сақтау және қаржылық міндеттемелерді реттеу жөніндегі қызметті қоспағанда, Компания өз қызметін дереу тоқтатады.

Міндеттемелерді түпкілікті реттегенге және активтерді бөлгенге дейін Компания мен оның қатысушыларының барлық өзара құқықтары мен міндеттемелері сақталады.

3. Кредиторларға төлем Компания активтерінің есебінен жүргізіледі. Кредиторларға төлемді жүзеге асыру алдында басқарма төлемдерді талаптарды ұстаушылар арасында пропорционалды түрде төленуін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдайды.

4. Компания активтерін бөлу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

а) активтер қатысушылар арасында Компанияның кредиторлар алдындағы барлық міндеттемелері өтегеннен кейін немесе оларды өтеу үшін резерв құрылғаннан кейін бөлінеді;

б) Компания активтерін бөлу әрбір қатысушы енгізген жарғылық капиталдағы үлесің мөлшеріне пропорционалды түрде жүргізіледі және директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады. Қатысушылар арасында бөлінетін активтер ақшалай және ақшалай емес нысанда көрсетілуі мүмкін. Қатысушы Компания алдындағы қаржылық міндеттемелерді орындағанға дейін бөлінген активтердің өз үлесін алуға құқығы жоқ;

в) осы тармақта сәйкес бөлінетін активтерді алатын қатысушы осы активтерге қатысты оларды бөлгөнгө дейін Компания осы активтерге қатысты пайдаланған ұксас құқықтарды пайдаланады.

## **VI бөлім Компанияның иммунитеттері, артықшылықтары мен жеңілдіктері**

### **30-бап**

#### **Компанияның иммунитеттері мен артықшылықтары**

1. Өз мақсаттарына қол жеткізу және өз функцияларын орындау үшін Компанияға әрбір қатысушы мемлекеттің аумағында осы бөлімде көзделген және Компания мен қатысушы мемлекеттер арасында жасалған келісімдерге сәйкес белгіленген иммунитеттер, артықшылықтар мен жеңілдіктер беріледі.

2. Компания өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың салдары болып табылмайтын немесе осы өкілеттіктерді жүзеге асыруға байланысты емес жағдайды қоспағанда, сottық қудалаудың кез келген нысанынан иммунитетке ие болады. Осы Жарғының 34-бабының қолданылу аясына жататын Компания мен қатысушы арасындағы дауларды қоспағанда, Компанияға қарсы талап қою Компания орналасқан не филиалы, өкілдігі немесе еншілес компаниясы бар не сottың шақыру қағазын немесе процесс туралы хабарламаны қабылдау мақсатында агентті тағайындаған не бағалы қағаздар шығарған немесе оларға кепілдік берген мемлекет аумағындағы құзыретті сотқа ғана берілуі мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, Компанияға қарсы ешқандай іс-қимыл жасалмайды және осындай қатысушының атынан әрекет ететін немесе талап қоятын кез келген қатысушы немесе өзге тұлға, орган мен мекеме тарапынан талап қою арызы берілмейді. Қатысушылар осы Жарғыда, Компанияның ережелері мен регламенттерінде, сондай-ақ Компания мен қатысушы мемлекеттердің үкіметтері және халықаралық қаржы үйымдары арасында жасалған келісімдерде көзделген дауларды шешу үшін арнайы рәсімді пайдалана алады.

4. Қатысушы мемлекеттердің аумағындағы Компанияның мүлкі мен активтері Компанияға қатысты түпкілікті сот шешімі шығарылғанға дейін тінтуден, реквизициялаудан, тыйым салудан, тәркілеуден, экспроприациялаудан немесе алып қоюдың не иеліктен шығарудың өзге де нысанынан иммунитеттерге ие болады.

5. Компанияның барлық мүлкі мен активтері, олардың орналасқан жеріне қарамастан, кез келген шектеуден, нұсқамалардан және мораторийлерден босатылған.

6. Қатысушы мемлекеттердің аумағында архивке, мүлікке, құжаттарға, сондай-ақ Компанияға тиесілі не оның иесі болып табылатын кез келген ақпаратқа қол сұғылмайды.

7. Қатысушы мемлекеттер Компанияға оның ресми байланысы үшін осы қатысушы мемлекеттердің үкіметтері кез келген басқа мемлекетке, оның дипломатиялық өкілдіктерін қоса алғанда, пошта жөнелтілімдеріне, каблограммаларға, жеделхаттарға,

радиограммаларға, тарифтер мен мөлшерлемелерге, телефонды және басқа да байланыс құралдарын пайдалануға қатысты басымдыққа, сондай-ақ бүқаралық ақпарат құралдары үшін мәліметтер беру мақсатында төмендетілген ставкаларды қолдануға қатысты беретін шарттардан кем емес қолайлы жағдай жасайды. Көрсетілген қызметтерді төлеуге байланысты барлық шығыс Компания қаражаты есебінен жүргізіледі.

8. Басқарушылар кеңесінің төрағасы және басқарушылар кеңесінің мүшелері, директорлар кеңесінің төрағасы және директорлар кеңесінің мүшелері, басқарма төрағасы, басқарма төрағасының орынбасарлары (мұндайлар болған жағдайда), басқарма мүшелері мен Компания қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде жасаған іс-әрекеттеріне қатысты сот және әкімшілік қудалаудан кез келген нысанда иммунитеттерге ие болады. Осы тармақтың ережелері азаматтардың өмірі мен денсаулығына жоғарыда көрсетілген адамдардың іс-әрекеттерінен, оның ішінде жол-көлік оқиғаларының салдарынан туындаған зиян келтірілген кезде азаматтық-құқықтық жауаптылық басталған жағдайда қолданылмайды.

## **31-бап**

### **Салықтық жеңілдіктер**

1. Компания, оның кірісі, мұлкі және басқа да активтері, сондай-ақ Келісімге және осы Жарғыға сәйкес қатысушы мемлекеттердің аумағында Компания жүзеге асыратын операциялар мен мәмілелер, қызмет көрсетудің нақты түрлері үшін төлемді білдіретіндерді қоспағанда, салықтардан, алымдардан, баждардан және басқа да төлемдерден босатылады.

2. Басқарма төрағасының, басқарма төрағасы орынбасарларының (мұндайлар болған кезде), басқарма мүшелері мен Компания қызметкерлерінің жалақысы мен сыйақысы салық салудан босатылады.

Әрбір қатысушы мемлекет осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген босатуды өз азаматтарына және өз аумағында тұрақты тұратын адамдарға қатысты қолданбауға құқылды.

3. Компания шығарған ешқандай міндеттемелерге немесе бағалы қағаздарға олардың ұстаушысы кім екеніне қарамастан, сондай-ақ олар бойынша дивидендтерге немесе пайыздарға қатысушы мемлекеттерде мынадай жағдайларда:

а) егер мұндай салықтар осындай міндеттемелерді немесе бағалы қағаздарды, оларды Компания шығарғандықтан ғана олар кемсітуші болып табылса;

б) егер мұндай салық салудың жалғыз негізі көрсетілген міндеттемелерді немесе бағалы қағаздарды шығару орны не олар шығарылған валюта болса, төленуге тиіс немесе төленеді, не Компанияға тиесілі қандай да бір мекеменің немесе қызмет орнының орналасқан жері болса, ешқандай салық салынбайды.

## **32-бап**

### **Иммунитеттер мен артықшылықтардан бас тарту**

Компания осы Жарғыда көзделген, оның пікірінше, Компанияның мұдделеріне сай келмейтін кез келген иммунитеттерден, артықшылықтардан немесе женілдіктерден бас тарта алады.

Басқарма төрағасы басқарма төрағасын, басқарма төрағасының орынбасарларын (олар болған кезде) және басқарма мүшелерін қоспағанда, оның пікірінше, мұндай иммунитет, артықшылық немесе женілдік сот төрелігін жүзеге асыруды қындар таңдау және олардан бас тарту Компанияның мұдделеріне нұқсан келтірмеген болса, Компанияның кез келген қызметкеріне қатысты кез келген иммунитеттен, артықшылықтан немесе женілдіктен бас тартуға міндетті. Осылан ұқсас жағдайда басқарушылар кеңесі мен директорлар кеңесі басқарма төрағасына, басқарма төрағасының орынбасарларына (олар болған кезде) және басқарма мүшелеріне қатысты кез келген иммунитеттен, артықшылықтан немесе женілдіктен бас тартуға міндетті.

## **VII бөлім Қорытынды ережелер**

### **33-бап**

#### **Осы Жарғыға өзгерістер енгізу**

1. Қатысуышылардың өзара келісіу бойынша осы Жарғыға Келісімнің 5-бабына сәйкес жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

2. Қатысуышыдан келіп түсетін, осы Жарғыға өзгерістер енгізу туралы ұсыныс басқарушылар кеңесі төрағасының назарына жеткізіледі, ол оны басқарушылар кеңесінің қарауына ұсынады.

### **34-бап**

#### **Осы Жарғыны қолдануға байланысты және Компания қызметін жүзеге асыру барысында туындастырын дауларды шешу**

1. Осы Жарғыны қолдануға байланысты және Компания мен қатысуыш арасында, не Компания мен бұрынғы қатысуыш арасында, не Компания мен қызметі Компанияның тоқтатыла тұрған (тоқтатылған) кездегі қатысуыш арасындағы Компанияның қызметін жүзеге асыру барысында туындастырын даулар мен келіспеушіліктерді дау тараптары келіссөздер мен консультациялар арқылы шешеді.

2. Егер мұндай даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар арқылы шешілмеген жағдайда оларды дау тараптарының кез келгені белгіленген тәртіппен басқарушылар кеңесіне шешуге береді.

3. Дау тараптарының кез келгені дауды біреуін Компания, екіншісін тиісті қатысуыш, ал үшіншісін тағайындалған төрешілердің келісіу бойынша тағайындалатын, үш төрешіден тұратын аралық сottың қарауына беріп, басқарушылар кеңесінің шешіміне дау айтуға құбылды. Егер тараптар келісімге келмесе, үшінші төрешіні басқарушылар кеңесі бекітетін тізбеге енгізілген орган тағайындаиды. Көрсетілген тізбедегі нақты орган өз құзыреттілігі мен бейтараптылығы қағидаттарын негізге ала отырып, басқарушылар кеңесінің шешімі бойынша айқындалады.

4. Шешімді төрешілер көпшілік дауыспен қабылдайды және түпкілікті және орындауға міндettі болып табылады.

Еуразиялық қайта сақтандыру  
компаниясының жарғысына  
КОСЫМША

**Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясының жарғылық капиталындағы  
құрылтайшылардың қатысу үлесі**

Армения Республикасы – 450 000 000 (төрт жүз елу миллион) Ресей рублі – жарғылық капиталдың 3 (үш) пайызы

Беларусь Республикасы – 4 500 000 000 (төрт миллиард бес жүз миллион) Ресей рублі – жарғылық капиталдың 30 (отыз) пайызы

Қазақстан Республикасы – 3 000 000 000 (үш миллиард) Ресей рублі – жарғылық капиталдың 20 (жырма) пайызы

Қырғыз Республикасы – 300 000 000 (үш жүз миллион) Ресей рублі – жарғылық капиталдың 2 (екі) пайызы

Ресей Федерациясы – 6 750 000 000 (алты миллиард жеті жүз елу миллион) Ресей рублі – жарғылық капиталдың 45 (қырық бес) пайызы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК